

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**БАЛАЛАРДЫ САУЫҚТЫРУ ЛАГЕРЬЛЕРІНДЕГІ ДЕМАЛУШЫ БАЛАЛАРДЫҢ  
АРАСЫНДА «ТОПТЫҢ ӨМІРІНЕН БІР КҮН» - МОБИЛЬДІ КӨЗҚАРАС»  
ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ СЫРТТАЙ БАЙҚАУДЫҢ  
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

**Астана қаласы**

**2014 жылғы 1 маусым – 1 тамыз**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін айқындау, олардың шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында балаларды сауықтыру лагерьлеріндегі демалушы балалардың арасында «Топтың өмірінен бір күн» - мобильді көзқарас» тақырыбындағы байқауды балаларға арналған [www.ziyatker.kz](http://www.ziyatker.kz) ғылыми-танымдық сайтта 2014 жылғы 1 маусым – 1 тамыз аралығында сырттай өткізеді.

Міндеттері:

балалардың арасындағы денсаулық құндылықтарын және салауатты өмір салтын қалыптастыру уәждемесін арттыру;

заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгерудегі танымдық қызығушылықтарын дамыту үшін жағдай жасау;

шығармашыл дарынды балаларға қолдау көрсету;

балалардың бейнероликтер мен презентациялар арқылы бейне-көзқарасының түпнұсқалығын ашу.

Сырттай байқауға Қазақстан Республикасының өңірлерінен 8 жастан 18 жасқа дейінгі балаларды сауықтыру лагерьлеріндегі демалушы балалар қатысады.

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

«Электрондық презентация»;

«Бейнеролик (бейнеклип)».

Байқауға оның мақсаты мен міндеттеріне жауап беретін бір немесе екі номинация бойынша жұмыстар қабылданады, бірақ әр номинациядан бір жұмыс болуы керек.

Балаларды сауықтыру лагерьлеріндегі демалушы балалардың арасында «Топтың өмірінен бір күн» - мобильді көзқарас» тақырыбындағы байқауды өткізу туралы қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, тел/факс: 8 (7172) 44-53-38, электрондық пошта: [spo.rumcdo@mail.ru](mailto:spo.rumcdo@mail.ru).